«Туған өлкем қандай көркем»

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың екінші шілдесі күні білім басқармасының іс-кимыл жоспарына сәйкес **«Туған өлкем қандай көркем»** тақырыбында балалардың облыстық деректі фильмдер байқауын өткізді.

Байқау «Экологиялық жарнама» және «Туған өлкемнің визит карточкасы» бейнероликноминациялары бойынша жүргізілді.

«Экологиялық жарнама» номинациясынан II орын –Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, №4 орта мектептің 9 сынып оқушысы Темірханқызы Дианаға, III орын - Ақтау қаласы, №14 мектептің 8 сынып оқушылары Аманжолова Айдана мен Орынбасар Айнұрға, IV орын – Маңғыстау ауданы, Шайыр ауылы,

Т.Жалғасбайұлы атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Аманғалиева Еленаға; «Туған өлкемнің визит карточкасы» номинациясынан III орын –Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, №4 орта мектептің 9 сынып оқушысы Серік Салтанатқа, IV орын – Маңғыстау ауданы, Шебір ауылы, Қаратөбе орта мектебінің 9 сынып оқушысы Нұртілеп

Жайнарға берілді. Жеңімпаздар басқарманың бағалы сыйлықтарымен, дипломдарымен марапатталды.

Айнұр ЕРҒАЛИЕВА,
Ақпараттық талдау
бөлімінің әдіскері,
Ақтау қаласы

«Үздік ашық сабақ» және «Сарайшық жеріне виртуалды саяхат» сырттай байқаулары

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығында Алтын Орданың 750 жылдығына орай Сарайшық ортағасырлық қаласы туралы ағымдағы жылдың 30 сәуір күні тарих, география пәні мұғалімдері мен өлкетану үйірмелері жетекшілерінің «Үздік ашық сабақ» және «Сарайшық жеріне виртуалды саяхат» сырттай байқаулары өткізілді.

Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар ашық сабақтар презентациясы мен онлайн сабақтардың бейнероликтерін жолдап, барлығы 52 жұмыс қаралды

Үздік деп танылған жеңімпаз 18 мұғалім орталықтың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

АрайлымАЙТЕКЕНОВА,
"Облыстық балалар мен
жасөспірімдер туризмінің
орталығы",
Туризм және өлкетану
бөлімінің әдіскері

«Отан қорғаушылар» экспозициялық плакаттар байқауы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығында 2020 жылдың 15 мамыр күні білім беру ұйымдары музейлеріндегі Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына арналған

тақырыптық материалдар мен бұрыштар негізінде оқушылар арасында «Отан қорғаушылар» облыстық экспозициялық плакаттардың сырттай байқауы ұйымдастырылды.

«Маңғыстау Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбындағы плакаттар Ұлы Отан соғысы кезіндегі Маңғыстаудағы тұрмыс, ел жағдайы, білім алу және фронтқа көмек көрсету сәттері туралы мектеп музейі, архивтік материалдар мен ақын-

жазушылардың шығармаларына сүйене отырып салынған 21 жұмыс қаралды.

«Ұлы жеңіске 75 жыл» тақырыбындағы экспозициялық плакаттар Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған мектеп музейі бұрышындағы материалдар бір плакатқа кірістіріліп, жарнама-плакат үлгісінде жасалды.

Сапалы, мазмұнды жұмыстары үшін 13 оқушы орталықтың дипломдарымен бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Тегісбай МҰСТАФА,
Туризм және өлкетану
бөлімінің әдіскері

«Экодизайн» облыстық байқауы

Маңғыстау облыстық білім басқармасының «Жасыл мектебім - жасыл мекенім» жобасы аясында 2020 жылдың 30 сәуір күні жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Экодизайн» облыстық

байқауы сырттай өткізілді. Байқауда үш номинация бойынша 15 оқушының жұмыстары қаралды. «Жасыл әлем» фитодизайнерлер номинациясында қатысушылар жұмыстарын еркін стильде, флористика ережесіне сәйкес табиғи - өсімдік материалдарынан жасаса, ал «Дәнді дақылдар әлемі» номинациясында түрлі дәндерді қолдану жұмысы жасалған. «Қалдықтардан - табыстарға» номинациясында білім алушылардың экологиялық

мәдениетін тәрбиелеу, экологиялық жобаларды іске асыруда әртүрлі тұрмыстық қалдық заттары мен қайталама шикізаттардан жасалған шығармашылық жұмыстары қабылданды.

Байқаудың 1 орын жеңімпаздары Аймахан Сезім мен Урибай Бағдат орталықтың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Назгүл РҮСТЕМОВА,
Экологиялық – биологиялық
бөлімінің әдіскері

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым

Бас редактор
Елубаева Айымгүл Еңсегенқызы

Меншік иесі: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.01.2013 жылы қайта тіркеуден өтіп, №13323-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 26 ш/а, 60-гимарат
Тел: 8(7292) 33-27-11. E-mail: mm_gazeti@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, хаттар мен қолжазба қайтарылмайды.

Автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газет айына 2 рет шығады.
Жазылу индексі 66550

Газет редакциясы орналасқан мекен-жай: Ақтау қаласы, 26 ш/а, 60-гимарат
Газет 103 Ақтауға СА 102000 бақылаушылық басылым.
Қазақстан қаласы
Тапсырыс саны: 3263
Таралымы - 240 дана